Бекітілген

Қабылдау комиссиясы төрағасы

Шоранов М.Е. ____________

«_19_» _06_ 2025 жыл

**2025-2026 оқу жылындағы «7R01144 - Хирургиялық стоматология» мамандығы бойынша резидентураға түсу үшін қабылдау емтиханын өткізу бағдарламасы**

**Алматы, 2025**

Бағдарлама келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды:

1) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы

2) «Мемлекеттік тапсырысты орналастыру, резидентурада медицина кадрларын оқуға қабылдау және даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы

Бағдарлама хирургиялық стоматология кафедрасының меңгерушісінің, PhD докторы Менчишева Ю.А., м.ғ.д., профессор Мырзақұлова Ұ.Р. жасалған, қазақ тіліне аударған кафеда оқу ісінің меңгерушісі Менжанова Д.Д.

Бағдарлама хирургиялық стоматология отырысында талқыланған және бекітілген (Хаттама №9 2025 жылдың «04» наурызы)

Хирургиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі,м.а. Мирзакулова У.Р.

Бағдарлама БББК мәжілісінде келісілді және бекітілді (№8 Хаттама 2025 жылдың «15» сәуірі)

Төраға Енсегенова З.Ж.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің деканы Баймаханов А.Н.

Бағдарлама Академиялық комитеттің отырысында талқыланған және бекітілген (№8 Хаттама 2025 жылдың «29» сәуірінде)

Төраға Калматаева Ж.А.

## 2025-2026 оқу жылындағы «7R01144 - Хирургиялық стоматология» мамандығы бойынша резидентураға түсу үшін қабылдау емтиханының бағдарламасы

**Оқуды жалғастыру уақыты - 3 жыл**

**Мақсаты:** «7R09144 - Хирургиялық стоматология» мамандығы бойынша бакалавриат пен интернатураның базалық білім деңгейінде мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламасын әзірлеуге арналған резидентураға дайындық дәрежесін анықтау.

**Жүргізу тәсілі.**

Резидентураға қабылдау құрамдастырылған емтиханының нәтижелері бойынша конкурс негізде жүзеге асырылады және оның ішіне кіреді:

1. 35% – GPA орта баллы , оның ішінде : бакаавриаттағы орта GPA баллы (25 %) и және интернатурадағы оқу (10 %), немесе 7 жыл ішіндегі орта GPA;

Дипломға қосымшада GPA болмаса, талапкер өзі оқыған оқу орнының қолы мен мөрі қойылған есептік GPA-ны ұсынады.

Өткен жылдардың бітірушілері үшін дипломға қосымшаның бағаларының орташа балы есептеледі 4,0 жүйе бойынша ең жоғары балл ескеріледі.

2. Қорытынды аттестаттау (ҚА) 1-кезеңінің бағасы (ҰТЕО өткізетін тәуелсіз тестілеу) – 40% құрайды. Бұл жерде 6 курс «Стоматология» ҚА мән беру керек.

Басқа ЖОО-ны бітірген үміткер тәуелсіз тестілеудің бірінші кезеңінің бағасын білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен ұсынады.

Егер интернатураны бітірген жылы үміткер тәуелсіз тестілеуден өтпеген жағдайда, ол оны «Жалпы медицина» (даярлау бағыты - жалпы практика дәрігері/ЖПД) мамандығы бойынша не «Стоматология» мамандығы бойынша ҰҒТЭ тапсырады.

3. 25% –Moodle платформасында тапсырған жазбаша емтиханның қорытындысы.

Сұрақтар резидентураның тиісті мамандығы бойынша бакалавриат және интернатура бағдарламасын қамтиды.

Жазбаша емтихан бейнежазба жүйесімен жабдықталған Тестілеу орталығында өткізіледі.

Емтихан комиссиясы үміткерлердің шифрланған жұмыстарын тексереді және бағалайды.

Ең төменгі шекті (өтпелі) балл - мүмкін болатын 100-ден 75.

Емтиханның ұзақтығы 100 минутты құрайды.

Емтихан таңдалған мамандық бойынша екі кеңейтілген сұрақты қамтиды.

Мәселелер мынадай аспектілерді қамтиды:

- патогенездің этиологиялық факторлары мен тетіктері;
- аурудың өзекті жіктемелері;

- осы ауруға тән симптомдар мен синдромдар;
- күтілетін нәтижелер мен олардың диагностикалау үшін маңыздылығын сипаттай отырып, қажетті зертханалық және аспаптық зерттеулердің тізбесі;
- клиникалық және зертханалық-аспаптық деректерді ескере отырып, саралаған диагностика;
- дәрілік заттарды қолдану жиілігі мен ұзақтығын көрсете отырып, қазіргі заманғы клиникалық хаттамаларға сәйкес келетін емдеу;
- операциялық араласуға айғақтар мен қарсы айғақтарды қоса алғанда, пациентті жүргізу тактикасы;
- аурудың ықтимал асқынулары, олардың алдын алу әдістері және болжамы.

Үміткерлердің тегі емтихан материалдарында көрсетілмейді және тест орталығының қызметкерлері беретін шифрлармен ауыстырылады.

Емтихан сұрақтарын таңдау кездейсоқ түрде (рандом) жүзеге асырылады.

Бағалау 100 балдық жүйе бойынша - әрбір мәселе үшін жеке-жеке бағалау парақтары бойынша жүргізіледі.

Емтиханды екі емтихан алушы бағалайды; қорытынды ведомоске әрбір емтихан алушының бағалары негізінде есептелген орташа балл қойылады.

## «7R01144 - Хирургиялық стоматология» мамандығы бойынша түсу емтиханының сұрақтары

Төменде санамаланған нозологиялық нысандарға жататын әрбір мәселе бойынша мынадай тармақтарды көрсету қажет:
- патогенездің этиологиялық факторлары мен тетіктері;
- аурудың өзекті жіктемелері;
- осы ауруға тән симптомдар мен синдромдар;
- пациенттің клиникалық көріністері мен анамнезіне негізделген диагностикалық критерийлер;
- күтілетін нәтижелер мен олардың диагностикалау үшін маңыздылығын сипаттай отырып, қажетті зертханалық және аспаптық зерттеулердің тізбесі;
- клиникалық және зертханалық-аспаптық деректерді ескере отырып, сараланған диагностика;
- дәрілік заттарды қолдану жиілігі мен ұзақтығын көрсете отырып, қазіргі заманғы клиникалық хаттамаларға сәйкес келетін емдеу;
- операциялық араласуға айғақтар мен қарсы айғақтарды қоса алғанда, пациентті жүргізу тактикасы;
– аурудың ықтимал асқынулары, олардың алдын алу

Нозологиялар тізбесі:
1. Тісті жұлған кездегі Анафилактикалық шок.
2. Альвеолит.
3. Жедел периодонтит.
4. Созылмалы гранулематозды периодонтит.
5. Созылмалы гранулды периодонтит.
6. Созылмалы фиброзды периодонтит.
7. Одонтогенді теріасты гранулема.
8. Жақтың жедел одонтогенді периоститі.
9. Ороантралды тұздық.
10. Жедел одонтогенді гайморит.
11. Созылмалы одонтогенді гайморит.
12. Қатты таңдай Абсцессі.
13. Жақ тілді науасының Абсцессі.
14. Ретромолярлы кеңістіктің Абсцессі.
15. Тіл Абсцессі.
16. Жақ-бет аймағының спецификалық емес лимфадениті.
17. Жақ-бет аймағының спецификалық лимфадениті.
18. Жақтың жедел одонтогенді остеомиелиті.
19. Созылмалы одонтогенді остеомиелит.
20. Тістің қиналып шығуы.
21. Сиалодентит.
22. Сиаладеноз.
23. Сілекей тіс ауруы.
24. Шықшыт буын артриті.
25. Шықшыт буын аурулық дисфункциясы.

26 Шықшыт буын артрозы
27. Тістің шығып кетуі.
28. Тістің сынуы.
29. Төменгі Жақтың шығуы
30. Ауыз қуысының жұмсақ тіндерінің жарақаттары.
31.Жақтың альвеол өсіндісінің сынуы.
32. Ауыз қуысының шырышты қабатының папиломасы.
33. Ауыз қуысының шырышты қабығының фибромасы.
34. Эпулис.
35. Ретенционды киста.
36. Жақтың Радикулярлы кистасы.
37. Фолликулярлы киста.
38. Ауыздың кіре берісінің қысқа тартпасы
39. Еріннің қысқа үзеңгісі.
40. Пародонталды рецессиялар.

Қосымша 1

## Резидентураға түсу жазбаша емтиханының бағалау парағы

| Мамандығы | «7R01144 - Хирургиялық стоматология» | | |
|---|---|---|---|
| Үміткер шифры | | Бағалау күні | |
| Сұрақ (нозология аты) | | | |

| *Бағаланатын критерийлер* | *Максималды балл* | *Толық және нақты жауап 9-10 б* | *Жауап дұрыс, бірақ нақтылауды қажет етеді 7-8 б* | *Жауабында дәлсіздіктер бар және тақырыпты ішінара түсінуді көрсетеді 5-6 б* | *Сұрақтың мәнін түсінбеушілікпен және елеулі қателермен жауап 3-4 б* | *Жауап берілген сұраққа сәйкес келмейді 0-2 б* | *Қорытынды балл* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аурудың анықтамасы тұжырымдалған, негізгі этиологиялық факторлар келтірілген және патогенез тетіктері сипатталған. | 10 | | | | | | |
| Аурудың өзекті жіктемелері келтірілген. | 10 | | | | | | |
| Осы ауруға тән негізгі симптомдар мен синдромдар сипатталған. | 10 | | | | | | |
| Науқастың клиникалық көріністері мен анамнезіне негізделген диагностикалық критерийлер белгіленді. | 10 | | | | | | |
| Күтілетін нәтижелер мен олардың диагностикалау үшін маңыздылығын сипаттай отырып, қажетті зертханалық және аспаптық зерттеулердің тізімі ұсынылған. | 10 | | | | | | |
| Клиникалық және зертханалық-аспаптық деректерді ескере отырып, сараланған диагностика орындалды. | 10 | | | | | | |
| Дәрілік заттарды қолдану жиілігі мен ұзақтығы көрсетіле отырып, қазіргі заманғы клиникалық хаттамаларға сәйкес келетін емдеу сипатталған. | 20 (түзелетін k=2) | | | | | | |
| Оперативті араласу көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін қоса алғанда, науқасты жүргізу тактикасы айқындалды. | 10 | | | | | | |
| Аурудың ықтимал асқынулары сипатталып, олардың алдын алу әдістері ұсынылып, болжам жасалды. | 10 | | | | | | |
| **Максимальді балл** | **100** | | | | | | |
| **Қорытынды балл** | | | | | | | |

Қосымша 2

**Жазбаша емтихан ведомосьті**

| **№** | Үміткер шифры | Бірінші экзаменатордың баллы | | Екінші экзаменатордың баллы | | Жазбаша емтиханның орта баллы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 сұрақ | 2 сұрақ | 1 скрақ | 2 сұрақ | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

*Қосымша 3*

***Түсу емтиханының ведомосы***

| № | Үміткердің аты-жөні | GPA (5 жыл) | GPA (2 жыл) | Результаты МҚА | Жазбаша емтихан | Жалпы балл | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |

**Емтихан комиссиясының төрағасы:**

_______ ________________________
**(қолы) (қолдың аты)**

**Комиссия мүшелері:** _________ ________________________
**(қолы) (қолдың аты)**

_________ ________________________
**(қолы) (қолдың аты)**

_________ ________________________
**(қолы) (қолдың аты)**

**Күні «_______»_______________20__ ж.**